

Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.


Kaynak:

Agzamova Z., K. Shaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

Бурабай

...Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі —
Көкірек қанша жұтсан тоясын ба?

(С. Сейфуллин)



Астана мен Көкшетау қалаларының арасында атақты Бурабай көлі жатыр. Бурабай ауасының жанға жайлы, дертке дауа екендігін адамдар ежелден-ак байқаған. Адамдар осы жерге келіп, әртүрлі науқастардан,

соның ішінде өкпе ауруларынан да сауығып кетіп отырган. Бурабайдың алғашқы санаторий 1910 жылы ашылды. Сауықтыру орны бейнеленген фотосурет 1938 жылы Нью-Йорктегі өткен бүкіл дүниежүзілік көрмеге қойылған. Сол кезден бастап, “Қазақстан Швейцариясын” әлем таныды. Бурабайға демалыш, емделіп қайту үшін адамдар түкпіртүкпірден келеді. Ашық далаға қарағанда қыстығұні Бурабай ормандары 2,4 градусқа жылышырақ. Ауа-райын болжаушылардың бақылауынша, далалы жерлерде жауыншашын 1,5 есе көп түседі еken. Бурабай өзінің емдік қымызымен де жұртқа белгілі, оның құрамында спирт, сүт қышқылы және витаминдер бар. Ол ерекше пайдалы сусын. Майбалық минералдық судың құрамы Есентуки сусына ұксас. Бұл суды әртүрлі сырқаттарды емдеу үшін, шипажайда үнемі пайдаланады.

(О. Жанайдаров)